



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Асанбай Мақпал Болатқызы

Asanbai.makpal@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Ақпараттық технологиялар факультеті,
Информатика кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Х. Давлетова.

«Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (АКТ)» – жеке тұлғаға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беретін маңызды жүйе. Дамыған елдердің білім орындарында информатика пәнін ғана емес, сонымен қатар жаратылыстану ғылымдарының пәндерін де оқыту барысында заманауи техникалар мен технологияларды пайдалана отырып, сабақ өткізіледі. Елімізде білімнің жаңа реформалары жүзеге асып, мектептерде он екі жылдық оқу жүйесімен қатар, заманауи техникаларды пайдалана отырып жүргізілетін оқыту технологиялары жасалуда. Сол себептен орта білім беру мекемелерінде пәндерді Ақпараттық-коммуникативтік технология негізінде құру өте өзекті мәселелердің бірі болып отыр[1].

АКТ мақсаты оқу-әдістемелік және электронды кешендер құру, жалпы компьютерлік желілерді, инновациялық әдістерді пайдалана отырып бағдарламалық сайттар, құралдар жасау және оқушының өздігінен қосымша білім алуын қамтамасыз ету.

АКТ құралдары деп – микропроцессорлық және жаңа АКТ негізінде қызмет атқаратын, ақпаратты таратудың жаңа құралдары мен жүйелері, ақпаратты жинақтау мен олардың қорын жасау, сақтау мен өңдеу, оларды жан - жақты таратуды, одан қалды компьютерлік жүйелердің ақпараттар қорына енді қамтамасыз ете алатын программалық, программалық - аппараттық және техникалық құралдар мен құрылымдарды айтамыз[2].

Еліміздің білім ордаларында саласындағы көп қолданыста жүрген АКТ құралдарына интерактивті тақта, мультимедия, интернет кеңістігі, электронды оқулық.

Оқу үрдісінің тиімділігі келесі кезеңдерде арта түседі:

- бір қалыптылықты пайдаланбау, деңгейлер бойынша (білу, пайдалану, қолдану) оқушылар әрекетін ауыстырып отыру;
- баланың ойлау (зерделеу) қабілетін дамытуға бағытталу, яғни елестету, салыстыру, байқағыштық жалпыдан негізгіні айыра алу, ұқсастықты табу қасиеттерін дамыту;
- компьютерлік технологияны пайдалана отырып дарынды, орташа және үлгерімі төмен оқушыға сабақты ойдағыдай меңгеруіне мүмкіндік туғызу;
- оқушының есте сақтау қабілетін ескеру (жедел, қысқа мерзімді және ұзақ уақыттық есте сақтау).



1-сурет Оқытудағы Ақпараттық-коммуникативтік технология

Жаңа АКТ - ны сабақта пайдаланудың тиімділігі(1-сурет):

- Оқушының еркін ойлауына мүмкіндік береді;
- Ақыл - ойын дамытады;
- Шығармашылық белсендігін арттырады;
- Ұжымдық іс - әрекетке тәрбиелейді;
- Тіл байлығын жетілдіреді;
- Жан - жақты ізденушілігін арттырады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияның негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан-жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу. Білім беруде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану мен оқушылардың күзінеттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық-коммуникативтік технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында мектеп оқушыларының оқуға, білім алуға деген ұмтылысының артуы АКТ құралдарымен жұмыс істей алу жаңалығымен ғана емес, сонымен берілетін оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттей алу мүмкіндігінен, тапсырманың дұрыс нәтижесі үшін марапаттай алу қызметінен де байқалады[3].

Заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологиялар құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге баулиды, сондай-ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс-әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ә.М.Нұрмағамбетова. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу үрдісінде пайдалану.// Педагогикалық альманах, №3-4,2010, 64-бет
2. Дьяченко В.К. Новая педагогическая технология и ее звания.// Изд. "Соло" Красноярского университета. 1994г.
3. <http://bilimdiler.kz>[қаралған күні 20.03.2017]

ӘОЖ 004.387

КОМПЬЮТЕРДІ БАСҚАРУДА DEVMGMT.MSC ҚҰРЫЛҒЫ ДИСПЕТЧЕРІ

Атчыбаева Индра Довлетбаевна

1995-indir@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Ақпараттық технологиялар факультеті,

Информатика кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н.Т. Шындалиев

Құрылғы диспетчері жүйеде табылған құрылғыға қосылулы драйверлерді тексеру мен жаңартуға мүмкіндік береді. Бұл жүйелік инспектор ақауларды диагностика жасауда көмегі болады, сондықтан құрылғы диспетчерін ашу бәріне пайдалы.

Windows интерфейсі

Құрылғы диспетчерін қосудың ең қарапайым тәсілі - «Компьютер» белгішесіне тышқанның оң батырмасын шертіп контексті мәзірінен «Управление» тармағын таңдау болып табылады. «Управление компьютера» пайда болған терезісінің сол жақ мәзірінен «Диспетчер устройств» таңдаңыз.